

## Арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру тәртібін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 29 желтоқсан N 1482. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.20. N 56 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Су Кодексін күшіне енгізу туралы" 1993 жылғы 31 наурыздағы N 2062 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру Тәртібі бекітілсін /қоса б е р і л і п о т ы р / .

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі Комитет Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесе отырып үш ай мерзімде арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беруге, сондай-ақ арнайы су пайдалануға рұқсаттың бірыңғай үлгісіне байланысты мәселелер жөніндегі нұсқауды әзірлеп, мүдделі мемлекеттік ұйымдармен келісе отырып бекітетін болсын.

3. "Халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитеттерінің Қазақ ССР-і территориясында жүзеге асырылатын арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру тәртібі жөніндегі Нұсқауды бекіту туралы" /Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., N 13, 33-бап/ Қазақ ССР-і Министрлер Советінің 1979 жылғы 4 маусымдағы N 226 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1482 қаулысымен  
Бекітілген

### **Арнайы су пайдалануға келісім және рұқсат беру ТӘРТІБІ**

1. Арнайы су пайдалануға рұқсатты:  
жер бетіндегі суларды пайдалануға - табиғат қорғау мемлекеттік органдарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Су ресурстары жөніндегі комитет пен оның жергілікті органдары ;

жер асты суларын пайдалануға - су ресурстары мен табиғат қорғауды мемлекеттік басқару органдарының келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі және оның жергілікті органдары береді деп белгіленсін.

2. Арнайы су пайдалануға рұқсат су пайдаланушыларға, олардың меншік нысанына қарамастан, осы су пайдаланудың шарттары келісілгеннен кейін беріледі:

мемлекеттік табиғат қорғау органдарымен - барлық жағдайларда; мемлекеттік санитарлық қадағалауды жүзеге асыратын органдармен - барлық жағдайда /Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 74-бабына сәйкес ағашты салғып ағызуға, сондай-ақ ағаш сүрегін кемемен сүйремей буып және топтап алғызуға рұқсат беруден басқа/;

мемлекеттік тау-кен қадағалау органдарымен - гидроминералдық ресурстарды пайдалануға /емдік минералды, жылу-энергетикалық және өнеркәсіп сулары/;

мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет органдарымен - мал шаруашылығы, балық шаруашылығы және мал өнімдері мен шикізатын ұқсату және сақтау кәсіпорындарының мұқтажы үшін су алғанда.

Су пайдалану шарттарын келісу, сондай-ақ арнайы су пайдалануға рұқсат беру туралы мәселені әрбір оған құқықты орган бір ай мерзімде қарауы тиіс.

3. Жаңадан салынып жатқан кәсіпорындар, ғимараттар мен басқа объектілер үшін арнайы су пайдалануға рұқсат жобаға тапсырыс берушіге немесе олардың тапсырмасы бойынша - объектілерді жобалау барысында оларды бекіткенге дейін, бас жобалаушыларға беріледі. Егер жобалау мен бекіту, сондай-ақ құрылыс барысында берілген рұқсатта белгіленген шарттардан ауытқу қажеттілігі туындаса, арнайы су пайдалануға жаңа рұқсат алынуға тиіс.

4. Жобаларды бекіту, сондай-ақ судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды, ғимараттар мен басқа объектілерді салуды қаржыландыру, немесе су тұтынудың, пайдаланылған ағынды суды ағызудың ұлғаюына немесе олардың сапалық құрамының нашарлауына байланысты оларды қайта құру осы Тәртіптің 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік басқару органдары беретін арнайы су пайдалануға рұқсат болғанда ғана жүзеге асырылады.

5. Қорғаныс және басқа арнайы объектілер, сондай-ақ әскери бөлімдер үшін арнайы су пайдаланудың шарттарын келісу мен оған рұқсат беруді тиісті министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша, белгіленген тәртіппен, осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырылады.

6. Арнайы су пайдалану шарттарын келісу барысында су пайдаланушылар мен осы Тәртіптің 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік қадағалау

органдарының арасындағы келіспеушілікті қарамағында аталған су пайдаланушы бар министрліктер мен ведомстволар және тиісті мемлекеттік қадағалау органдары қарайды. Министрліктер, ведомстволар және мемлекеттік қадағалау органдарының арасында келіспеушілік болған жағдайда соңғы шешімді осы Тәртіптің 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік басқару органдары қабылдайды.

7. Арнайы су пайдаланудың шарттарын өзгерту және оған рұқсаттың күшін жою Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

8. Арнайы су пайдалануға рұқсат алмай су пайдаланған заңды ұйымдар, сондай-ақ азаматтар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.